

**"Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларын бекіту туралы"
Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 121
шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы № 145 шешімі.
Қызылорда облыстық Әділет департаментінде 2009 жылы 16 сәуірде № 4224
болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2017
жылғы 15 наурыздағы № 108 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 15.03.2017 №
108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық
кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (
Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы
Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару
және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23
қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларын бекіту туралы"
Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 121
шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4217
нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы
N 8 және "Қызылординские вести" газетінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы N 9
сандарында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің кіріспесі "басқару" сөзінен кейін "және өзін өзі басқару"
деген сөздермен толықтырылсын;

аталған шешімнің қосымшасындағы:

3-тармақтағы кесте мынадай реттік саны 4-8-жолдармен толықтырылсын:

"	4	Күкірт диоксиды	200	
	5	Азот диоксиды	200	
	6	Күл	240	
	7	Күкіртті сутегі	1240	
	8	Меркаптан	199320 "	

6-тармақтағы кесте мынадай мазмұндағы 1.3.7. жолмен толықтырылсын:

--	--	--	--	--

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының

XV сессиясының төрағасы

Қызылорда облыстық

мәслихатының хатшысы

І. Баймұханов

Н. Құдайбергенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК